

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 шілдедегі N 1126 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 2 қараша N 1654

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 шілдедегі N 1126 P001126_ қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтағы "27000000 (жиырма жеті миллион)" деген сөздер "24 755 500 (жиырма төрт миллион жеті жүз елу бес мың бес жүз)" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі осы қаулының 1-тармағына

сәйкес сатып алынған мүлікті жекешелендірген жағдайда, бөлінген қаражатты республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз етсін";

2-тармақтағы "белгіленген тәртіппен" деген сөздерден кейін "Оңтүстік Қазақстан облысының әкімімен тиісті несиелік келісім жасалуын және" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.